БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 184 (9246) | 1953 жылғы 13 сентябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бүгін—Танкшілер Күні!

Отанымыздың даңқты ұлдары—совет танкшілері жасасын!

Партия басшылығы—комсомол жұмысының табысты болуының кепілі

Совет халқы Коммунистік партияның даныпшандық басшылығымен коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыруда. Бүкіл совет халқымен бірге социализм елінің жастары да коммунизмнің зәулім сарайын салысуда. Еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларында сан-миллиондаған комсомолецтер мен жастар Советтік Отанымыздың экономикалық күш-қуатын, совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын арттыра беру жолында жанқыярлықпен еңбек етуде, сан-миллиондаған комсомолецтер мен жастар Отанымыздың білімді, мәдениетті азаматы, коммунизмнің лайықты құрылысшысы болып шығу үшін тылымды меңгеруде.

Комсомол —біздің қоғамымыздың басшы және бағыт беруші күші—Коммунистік партияның белсенді көмекшісі және резерві. Комсомол жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуде партияға көмектесуге тиіс. Оның ең негізгі міндеті де —осы. Сонымен бірге, комсомол еліміздің халық шаруашылығын барған сайын өркендетіп, совет адамдарының әл-ауқат дәрежесін жақсарта беруде партияның белсенді көмекшісі болуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру мүддесі комсомол ұйымдарының жұмысын мейлінше жақсарта беруді, оның жұмысын жаңа талаптарға, партияның XIX съезі комсомолдың алдына қойған талаптарға сай ұйымдастыру қажет.

Облысымыздың комсомол ұйымының соңғы кезде өз жұмысын едәуір жақсарта түсіді, жастарға коммунистік тәрбие беруде, олардың өндірістік және саяси белсенділігін арттыруда біраз жұмыстар істегендігі сөзсіз. Жастардың саяси саналылығы арты, облыс комсомол ұйымының қатары 1950 жылмен салыстырғанда 9 мың адаммнан аса көбейді. Сол сияқты, комсомолецтер мен жастар ауылшаруашылық өндірісіне көп қатынасатын болды. Бұл жөнінде облыс аудандарынан көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мәселен, тек Пресное ауданының өзінде ғана егін жыйнау кезінде 33 комсомолец комбайншы, 36 комсомолец тракторшы болып жұмыс істеп жүр. Оның үстіне, ауданның колхоздары мен совхоздарында мемлекетке тапсыратын астықты тазалау сияқты елеулі кемшіліктерге жол берілп келеді. КЛКЖО VI съезінде атап көрсетілгеніндей, кейбір комсомол комитеттерінде басшылықтың кеңсешілдік, қағазбастылық әдістері қолданылады, төменгі ұйымдарға жанды басшылық жасалмайды.

Партия ұйымдары комсомол ұйымдарына идеялық және ұйымдық басшылықты жақсартып, нақтылы көмек көрсетіп отырса, комсомол ұйымдарының алда тұрған міндеттерді ерікпен аброймен жүзеге асыратындығы даусыз. СОКП Уставында комсомол өзінің барлық жұмысын Коммунистік партияның басшылығымен жүргізетіндігі, бүкіл мемлекеттік және шаруашылық құрылыста партияның жауынгер көмекшісі болып табылатындығы атап көрсетілген.

Бұл жағдай комсомол ұйымдарына көрсетілп отырған аса зор сенім болса, сонымен қатар, партия ұйымдарына жүктелген күрделі жауапкершілік болып табылады. Партия ұйымдарының негізгі міндеті комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту және жетілдіре түсу. Бірақ, көп реттерде аудандық партия комитеттері комсомол жұмысына жете назар аудармайды. Бұл жөнінде ВКП Совет аудандық комитетінің іс тәжрибесін мысалға алайық. Аудандық комитет 1952 жылдың август айында аудан комсомол ұйымдары қатарының қанағаттанғысыз өсіп отырғандығы туралы қаулы алған. Бірақ, бұл қаулының жүзеге асырылуы ұйымдастырылған жоқ. Тіпті аудандық комитет осы қаулының өзін КЛКЖО аудандық комитеті мен бастауыш партия ұйымдарына да жібермеген. Мұның өзі Совет аудандық партия комитеті тарапынан комсомол ұйымдарының жұмысына нақтылы басшылықтың жоқ екенін, оған көңіл бөлінбейтіндігін дәлелдейді.

Аудандық, қалалық партия комитеттерінің бөлімдері комсомол комитеттерінің тиісті бөлімдерімен күнбе-күн байланыс жасап отыруға тиіс. Бұл байланыс комсомол ұйымдарының жұмысын бүтінгі талаптарға сай жақсарта түсуге көмектесетіндігі сөзсіз. Солай бола тұрса да Октябрь аудандық партия комитеті бөлімдерінің іс тәжрибесінде мұндай пайдалы практика қолданылмай келеді. Мәселен, оның партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Зимин жолдас

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясын қабылдауы

11 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Корей Халық -Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясын —КХДР Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сенді, Кореяның Еңбек партиясы Орталық Комитеті Председателінің Орынбасары Пак Ден Айды, Министрлер Кабинеті Председателінің Орынбасары Тен Ир Ленді, Сыртқы Істер Министрі Нам Ирді, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының Председателі Тен Дюн Тхякті, темір жолдар министрі Ким Хэ Ильді және КХДР-дің ССРО -дағы елшісі Лим Хэпі қабылдады.

Совет жағынан келіссөздерге В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, ССРО-ның КХДР-дегі елшісі: С. П. Суздалев, ССРО-ның КХДР-дегі сауда өкілі П. И. Сакун қатысты.

Келіссөздерге Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы елшісі Чжан Вэньтянь қатысты.

Келіссөздер шын пейілді достық жағдайда өтті.

ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың Корей Халық-Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сенді қабылдауы

ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов 11 сентябрьде Қытай Халық- Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сенді қабылдады.

Қабылдауда КХДР Сыртқы Істер Министрі Нам Ир және ССРО-ның КХДР-дегі елшісі С. П. Суздалев қатысты.

Малшылар міндеттемесін орындауда

ЕКІ ОБЛЫСТЫҢ ЖАРЫСЫ

Колхоздар мен совхоздарда дала жұмыстарын жүргізу көрсеткіштері

(1953 жылғы 10 сентябрьдегі мәлімет бойынша)

(Жоспардың орындалу проценті)

Қостанай облысы		Солтүстік Қазақстан облысы
81,8	жыйналған дәнді дақылдар	67,2
81,0	жыйналған тұқымдық участоктер	65,5
69,0	жыйналған шөп тұқымы	58,1
	АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ	
88,5	колхоздар бойынша	64,4
115,6	совхоздар бойынша	117,9
43,0	қуйылған тұқым	40,4
77,0	себілген күзгі егіс	53,6
15,0	зябь жырту	13,0
56,0	дайындалған шөп	43,2
39,0	сүрленген шөп	36,4

* * *

Өзара социалистік жарысқа түскен Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының колхоздары мен совхоздары барлық ауылшаруашылық дақылдары бойынша бітік егін өсірді. Партиямыз бен үкметіміздің совет халқының тұрмыстық жағдайын арттыра беру жөніндегі жаңа қамқорлығымен жігерленген колхоздар мен совхоз далаларының еңбекшілері өздерінің күш-жігерін егінді ысырапсыз жыйнап, еліміз-ге астықты көп беру мақсатына жұмылдыруда.

Социалистік міндеттемелерді орындау үшін күресте дала жұмыстарының барлық көрсеткіштері бойынша біздің облысымыздың совхоздары мен колхоздарынан алда келе жатқан Қостанай облысының егіншілері еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

10 сентябрьге дейін Қостанай облысында сегіз аудан астық дайындау жоспарын орындады. Федоров ауданының колхоздары мен совхоздары быйыл өткен жылға қарағанда, мемлекетке астықты біржарым миллион пұт артық тапсырды. Осы сияқты, Қостанай, Пресногорьков, Жетіқара, Введен және басқа аудандар астық дайындау жоспарын ойдағыдай орындады. Мұнда көптеген колхоздар мен совхоздар дәнді дақылдарды жыйнауды аяқтағалы отыр. 17 совхоз мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруда.

Қостанай облысындағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі —Совет Одағының Батыры Баймағамбетовтың атындағы колхоз. Ол өзінде 20.000 центнерге жуық астық бастырды.

Қостанай облысының алдыңғы қатарлы колхоздары мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қызу жүргізе отырып, колхозшылардың еңбеккүндеріне астықты көптеп беруде. Дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарынан 100—150 пұттан өнім жыйнаған Пешков ауданының Шевченко атындағы колхоз колхозшылардың еңбеккүндеріне аванс ретінде көп астық берді. «Новая жизнь» ауылшаруашылық артелінде семьясы 2125 еңбеккүн таңқан колхозшы П. И. Ган 700 пұт астық алды.

Біздің облысымызда да егін жыйнау жұмыстарының қарқынын барынша күшейту үшін толық мүмкіншілік бар. Алдыңғы қатарлы колхоздар егін жыйнауды қысқа мерзімде аяқтап, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мәселен, Петропавл ауданында Пушкин атындағы, «Красный пахарь», Ворошилов атындағы, Калинин атындағы колхоздар егін жыйнауды қысқа мерзімде аяқтады. Бұл ауданның колхоздары бүгін-ертең астық дайындау жоспарын орындағалы отыр.

Быйыл совхоз егіншілері егін жыйнауда елеулі табыстарға ие болды. Торанғыл совхозы тоғыспалы әдіспен себілген егінінің әрбір гектарынан 17-18 центнерден өнім алды. Степной совхозының № 3 фермасы егінінің әрбір гектарынан 150 пұттан өнім жыйнады. Облыс совхоздары [illegible] астық жыйнау науқанын колаев, Майбалық, Баян, Семиполка, Булаев МТС-тері 10 сентябрьде егін жыйнау жоспарын тек жартылай ғана орындады. Бұл МТС-тердің қамтуындағы , колхоздарда комбайндардың сынып тұруы, немесе комбайн буыкерлерінен астықтың кезінде алынбауы себепті комбайндардың бос тұруы жиі кездеседі.

Егін жыйнау науқанының ұзаққа созылуы астықтың ысырапқа ұшырауына әкеліп соғатыны мәлім. Комбайндарды пайдалану ісіндегі кемшіліктерді дереу жойып, механизаторлардың өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау керек. Колхоздардың және МТС-тердің, партия ұйымдарының, совет, шаруашылық орындарының басшылары әрбір комбайн агрегатының жұмысына, егіннің сапалы жыйналуына қатаң бақылау жасаулары қажет.

Астық дайындау жоспарын орындауда біздің облысымыз қостанайлықтардан анағұрлым кейін қалды. Солай бола тұрса да, колхоз қырмандарында астықтың көп жыйналып, ұзақ уақыт жатып қалуына жол берілп отыр. Қырмандардағы астықты тазалау, оны мемлекет қоймаларына жөнелту ісінің жайы мүлде тәзгісіз. Соколов ауданы қырмандардағы астықты қолма-қол тазартып, дереу дайындау пункттеріне жібермегендіктен астық тапсырудың графигін үнемі орындай алмай келеді.

Пресное ауданы астық тапсыру жоспарын небары 61 процент ғана орындады. Мұнда астық тазалау жұмысы мүлде баяу ұйымдастырылған. Бірсыпыра колхоздар мен МТС-тердің басшылары астық тазалауды және кептіруді механикаландыру ісіне немкетті қарайды.

Мұндай кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды. Колхоз қырмандарында астықтың күні-түні тазартылуын ұйымдастыру керек. Дән тазартқыш машиналардың бәрі жұмысқа қосылып, колхозшылар мен механизаторлардың социалистік жарысы қызу ұйымдастырылсын.

Біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздары күзгі егіс, зябь жырту, тұқым құю және мал азығын дайындау жұмыстарын мүлде қанағаттанғысыз жүргізуде. Мамлют ауданының колхоздары күзгі егіс жоспарын небары 52,9 процент, зябь жырту—13,9, мал азығын дайындауды — 36,6, шөп сүрлеуді —24 процент ғана орындады. Конюхов, Совет, Ленин, Прес-

жөнінде комсомолецтер мен жастардан 36 звено құрылған.

Ауыл шаруашылығындағы сыяқты, облысымыздың өнеркәсін орындарында да комсомол ұйымдары партия ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығы арқасында өндірістік тапсырмаларды орындау және асыра орындау, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, оның сапасын жақсарта түсу жолындағы күресте игі нәтижелерге ие болуда. Үстіміздегі жылы вагон участогінің, тігін фабрикасы, былғары заводы, 1 Май кәсіпшілік артелі сыяқты кәсіпорындары жарты жылдық тапсырманы, сол сыяқты, июль, август айларының өндірістік жоспарларын асыра орындады. Мұндай келелі табыстарға жетуде аталған кәсіпорындарында жұмыс істейтін комсомолецтер мен жастардың лайықты үлес қосқандығы мәлім. Қаладағы Киров атындағы заводта 40 комсомолецтің, шатын двигательдер заводында 49, паровоз депосында 70 жас жұмысшының көзірдің өзінде бесжылдық тапсырманы аброймен орындап шыққандығы бұған дәлел бола алады.

Егер партия ұйымдары мен партия комитеттері комсомол ұйымдарының жұмысына күнбе-күн бағыт беріп, нақтылы көмек көрсетіп отырса, облыс комсомолецтері мен жастарының бұдан былайғы жерде де жұмыстың барлық салаларында бұдан да тамаша табыстарға жете беретіндігі күмәнсіз.

Бірақ, атап айта кету қажет, облыстағы бірқатар комсомол комитеттері мен комсомол ұйымдарының жұмысында әлі де аудандық комсомол комитетінің қандай мәселелер талқылап шешетіндігін білмейді, комсомол комитеті бөлімдерінің жұмысымен танысып отырмайды.

Жастарға коммунистік тәрбие беру — комсомол ұйымдарының жұмысындағы негізгі міндет. Комсомолецтер, ең алдымен басшы комсомол қызметкерлері өзінің жалпы және саяси білім дәрежесін арттыра беруге тиіс. Сонда ғана ол комсомол активіне нақтылы басшылық жасауға қабілетті бола алады. Бірақ, облысымызда комсомолецтердің саяси оқуының жайы нашар екенін айта кету керек. 1952—1953 оқу жылында 1249 комсомолецтің оқуды тастап кеткендігі бұған айқын дәлел бола алады. Оның ішінен 644 адам комсомол және партия оқуы жүйесіндегі үйірмелердің сабағына қатыспай қойған. Мұның өзі аудандық партия және комсомол комитеттерінің жастардың білім дәрежесін арттыруға жеткілікті көңіл бөлмейтіндігін көрсетеді.

Комсомол ұйымдарының жұмысы алуан түрлі. Қала мен ауыл-селодағы, мектептер мен техникумдардағы, МТС-тер мен совхоздардағы жастардың арасында жұмыс жүргізуге, физкультура мен спортты өрістетуге партия комитеттері мен партия ұйымдары әрқашан назар аударып отыруға міндетті. Партия ұйымдары жастарға коммунистік тәрбие беруге, оларды коммунистік құрылыс күресіне белсене жұмылдыруға әрқашан басшылық жасап, көмек көрсетіп отыруға тиіс. Сонда ғана комсомол ұйымдары өзінің алдында тұрған міндеттерді аброймен жүзеге асыратын болады.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

13 сентябрь 1953 жыл **№ 81** *Москва қаласы*

Жолдастар, танкшілер мен танк жасаушылар!

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бүгін Совет Армиясы және Соғыс -Теңіз Флоты бүкіл совет халқымен бірге Танкшілер Күнін мерекелейді.

Сіздерді Танкшілер Күнімен құттықтап, сәлем жолдаймын.

Танкшілер мен танк жасаушылардың біздің Советтік мемлекетіміздің бронетанк және механикаландырылған әскерлерінің жауынгерлік қуатын нығайтуда бұдан былай да жаңа табыстарға жете беруіне тілектестік білдіремін.

Танкшілер Күні құрметіне БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, 1953 жылғы 13 сентябрьде, Отанымыздың астанасы —Москвада және одақтас республикалардың астаналарында артиллериядан жыйырма дүркін оқ атылып, салют берілсін.

Совет танкшілері мен танк жасаушылары жасасын!

Совет халқы және оның данқты Қарулы Күштері жасасын!

Совет үкметі жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

ССР Одағы Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.

Мамлют аудандық партия комитетінің № 1 фермасының коллективі мал шаруашылығын барған сайын өркендетуге міндеттенген-ді. Олар міндеттемені орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Бұзау күтушісі Е. Горбуневич жолдас өзінің қарамағындағы бұзаулардың тәуліктік салмағын 805 грамға дейін жеткізді. Осы сыяқты, бұзау күтушілер Селютина, Иванова, Черепанова жолдастар да бұзаулардың тәуліктік салмағын 800—890 грамға дейін жеткізіп, алған міндеттемелерін артығымен орындап жүр.

И. МОНАХОВ.

Жете көңіл бөлінген

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың қой фермасында жұмыс істеп жүрген колхозшылар қойларды жазғы жайылымдарда бағуды дұрыс ұйымдастырған. Әсресе, шопан Ақсақалов жолдас ерекше көзге түседі. Ол өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде қойларды жазғы жайылымдарда бағуда еңбегі табысқа ие болды. Ол баққан қойлардың бірде бірі шығынға ұшыраған жоқ. Қойлардың қоңы сондай жақсы.

Б. ЖҰСЫПБЕКОВ.

[illegible] ты колхоз. Ол егін жыйнау жұмысын аяқтап, астық дайындау жоспарын орындады, тұқым қорын толық құйды. Көзір бұл колхоздың егіншілері келесі жылдың егісінің берік негізін салып, зябь жыртуды жақсы агротехникалық мерзімде зяқтаулы отыр. Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің егіншілері мемлекеттік дайындау пунктіне 100 мың пұт астық тапсырды.

Қостанай облысының еңбекшілері ауылшаруашылық техникасын анағұрлым жақсы пайдаланудың нәтижесінде егін жыйнау мен астық дайындауда айтарлықтай табыстарға ие болды. Мәселен, Жаркөл МТС-нің механизаторлары колхозшылармен ынтымақтаса отырып, қамтуындағы колхоздардың 25 мың гектарға жуық дәнді дақылдар егінін қысқа мерзімде жыйнады. Облыс колхоздары мен совхоздарының көптеген комбайншылары машиналардың қуатын сарқа пайдалануда. Мәселен, Социалистік Еңбек Ері комбайншы Аманкелді Біскақов «Сталинец—6» комбайнымен 1 мың гектар егін жыйнады. Семиозер МТС-нің комбайншысы Иван Еременко «Сталинец—6» қос комбайнымен көзірдің [illegible] өнімділігін [illegible] ұлғілі ұйымдастырудың нәтижесінде жоспардан тыс мемлекетке 100 мың центнер астық тапсырды. Кейбір шаруашылықтар астық тапсыру жоспарын артығымен орындады.

Алайда, облысымыздың бірқатар колхоздары егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын баяу ұйымдастырып отыр. Облыстың астықты аудандары — Преснов, Ленин, Октябрь, Булаев аудандарының колхоздары әрбір бес күн сайын егін ору және мемлекетке астық тапсыру жөніндегі тапсырмаларды орындай алмай келеді. Бұларда масақты дақылдардың жартысына жуығы сабағында тұр. Аталған аудандардың партия ұйымдары, совет, шаруашылық орындары комбайн агрегаттарын пайдалануды жақсарту, сөйтіп, астық жыйнауды тездету жөнінде осы күнге дейін қажетті шараларды жүзеге асыра алмай отыр.

Машина-трактор станциялары колхоздардың егіс далаларына көптеген комбайндар жіберді. Бірақ, бірсыпыра МТС-тердің басшылары комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етпеді. Ни[illegible]нов аудандарындағы жағдай да дәл осындай. Бұл аудандардың басшылары ауылшаруашылық қызметкерлерін социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді орындау күресіне белсендіре қатыстыра алмай келеді.

Біздің облысымыздың егіншілері қостанайлықтармен социалистік жарыста бұрын бірнеше рет үздік шыққан болатын. Быйыл да социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін толық мүмкіншіліктер бар. Материалдық, техникалық резервті және еңбек ресурстарын толық пайдалану қажет. Сөйтіп, барлық ауылшаруашылық жұмыстарының үлгілі аяқталуына жетісу керек.

Ауыл-село еңбекшілерінің социалистік жарысын кеңінен ұйымдастырып, артта қалған колхоздарды, МТС-терді және совхоздарды алдыңғылардың қатарына қосу —партия ұйымдарының, совет және шаруашылық орындарының абройлы борышы.

Б. РАҚЫБАЕВ.

СОЦИАЛИЗМ ЕЛІНІҢ ҚАҺАРМАН ЖАСТАРЫ

Краснодон қаласында, Комсомол атындағы паркте граниттен жасалған үлкен ескерткіш тұр. Жайқалған жас гүлдер оның іргесін әрқашан да безендіріп көз тұндырады.

Мұнда Краснодонның жас батырлары, Отанымыздың жалынды патриоттары — «Жас Гвардия» астыртын комсомол ұйымы мүшелерінің бейіті бар.

Бұдан он жыл бұрын ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша, «Жас Гвардия» астыртын комсомол ұйымының бес басшысы және ұйымдастырушылары —Ульяна Громоваға, Иван Земнуховқа, Олег Кошевойға, Сергей Тюленинге, Любовь Шевцоваға олар қаза болғаннан кейін Совет Одағының Батыры атағы берілген болатын. Бұл ұйымның қалған 44 мүшесі ССР Одағының орденмедальдерімен наградталды.

Краснодонның жас гвардияшыларының қаһармандық ерлігі Ұлы Отан соғысының ең жарқын беттерінің бірі ретінде оның тарихына кірді. Жұртқа мәлім, Краснодонда жұмыс істейтін «Жас Гвардия» астыртын комсомол ұйымының құрылуы бұл ауданда неміс- фашист оккупанттарына қарсы партизан күресін жүргізу жоспарының маңызды буындарының бірі болды.

Партияның астыртын орталығы бағыт сілтеген «Жас Гвардия» ұйымы штабының құрамына кірген Олег Кошевойдың, Иван Земнуховтың, Сергей Тюленининнің, Ульяна Громовзының, Любовь Шевцованың және Иван Туркеничтің басшылығымен Краснодонда фашистерге қарсы бүлдіру жұмыстарын қажырлылықпен өрістетті. Жас гвардияшылар душпанның жалған насихатын әшкерелеп, халықты басқыншыларға қарсы күреске аттандырды. Совет әскерлерінің шабуыл жасағанын халыққа хабарлаған «Жас Гвардияның» листовкалары Краснодонның көшелерінде, қоғамдық үйлерде, шарбақтар мен үйлердің қабырғаларында жиі көрінді. Астыртын жұмыс істеушілер оккупанттардың алып кетуге әзірлеген астығын өртеп, гитлершілдер өздерінің тылына айдап әкетуге әрекеттенген малды арашалап алып қалды, соғыс машиналарын қыйратты.

Олар неміс еңбек биржасының үйін, ондағы барлық документтермен бірге өртеп жіберді, сөйтіп, мыңдаған совет адамдарын фашистік каторгаға айдалудан құтқарды, 75 жауынгерді соғыс тұтқындарының лагерінен босатып, 20 соғыс тұтқынының ауруханадан қашып кетуін ұйымдастырды. Жас батырлар Краснодонды қарулы күшпен басып алуға, сөйтіп, Совет Армиясының шабуылға шыққан полктерімен қосылуға әзірленді.

Сатқындардың опасыздығы салдарынан гитлершілдер «Жас Гвардияның» жұмысын тыйып, астыртын жұмыс істеушілердің көп бөлегін тұтқынға алды. Гестаполықтар жас батырларды айуандықпен азаптап, жазалады. Олар тірі қалпында шахтаның құдығына тастады. Астыртын жұмыс істеушілерден жеті адам ғана — Иван Туркенич, Георгий Арутюнянц, Валерия Борц, Радий Юркин және Оля мен Нина Иванцовалар, Михаил Шищенко ғана тұтқыннан аман қалды.

Жас гвардияшылықтар өзінен бұрынғы ұрпақтардың ерлік дәстүрлерін ілгері бастырды, олардың бейнелері А. М. Горькийдің «Ана» деген белгілі шығармасындағы Павел Власовтың және Н. А. Овстровскийдің «Құрыш қалай шынықты» деген романындағы Павел Корчагиннің жастарға сүйікті әдеби образдарында бейнеленген болатын.

Коммунистік партия тәрбиелеген Власовтардың ұрпағы партияның басшылығымен патша өкметі мен капитализмге қарсы күресті. 1917 жылғы октябрь күндерінде ұлы революциялық шайқастардың ерлігін бойында сақтаған Корчагиндердің ұрпағы интервенттер мен ак-гвардияшыларға қарсы қатал ұрыстарда, күйзелушілікке қарсы күресте жас Совет мемлекетін қорғап қалды, советтік Отанды социалистік қуатты индустриялы- колхозды державаға айналдыру үшін күресті.

Азамат соғысының сұрапыл жылдарындағы жас патриоттардың данқты ерліктері халықтың есінен ешуақытта кетпейді. Ондаған мың комсомолецтер қолдарына қару алып, жауларға қарсы күресті. Халықтың бостандығы мен бақыты үшін, Советтер республикасы үшін өз өмірін құрбан еткен жас күрескерлер —комсомолецтер Василий Алексеевтің, Николай Рудневтің, Александр Деевтің, Алексей Басименконың және басқа көптеген мыңдардың есімдерін совет адамдары ешуақыт та ұмытпайды.

Азамат соғысының майдандарында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін Ленин комсомолы Қызыл Ту орденімен наградталды.

Корчагиндердің данқты ұрпағы елді индустрияландыру жолындағы күрескерлердің бірінші қатарында болды, Коммунистік партияның басшылығымен елді социалистік жолмен көркейту үшін күрескен еңбек екпінділерінің миллиондаған армиясының бірінші қатарында болды. Отанымыз өзінің жас ұлдары мен қыздарының еңбектегі ерліктерін жоғары бағалап, екпінділік пен социалистік жарыс ісінде инициатива көрсеткені үшін 1931 жылғы январьда комсомолды Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленин комсомолы, Коммунистік партияның жауынгерлік көмекшісі ретінде, жастарды фашистік басқыншыларға қарсы күреске жұмылдырды. Краснодон жас гвардияшыларының ерлігі —қаһармандық ұлы дастанның тарихына жазылған көп беттердің бірі.

Комсомолец- батырлар Александр Матросовтың, Николай Гастеллоның, Юрий Смирновтың, Виктор Талалахиннің, Мәншук Маметовзының, Зоя Космодемьянскаяның, Александр Чекалиннің және басқа көптеген жастардың мәңгі өшпейтін ерліктерінің данқы тасырлар бойы жасай береді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Армиясының жас жауынгерлерінің жалынды патриотизмін ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін наградталғандардың саны айқын дәлелдейді: мыңға жуық адам Совет Одағының Батыры деген жоғары атақ алды, жүздеген мың адамдар орденмедальдермен және медальдармен наградталды.

Миллиондаған жастар мен қыздар тылда ғы жанқыярлық еңбегімен жауды жеңу ісін шыңдады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанның алдында сіңірген аса зор еңбектері үшін және совет жастарын Отанға берілгендік рухында тәрбиелеу жөнінде зор жұмыс істегені үшін үкмет Ленин комсомолын Ленин орденімен наградтады.

Біздің елде жастар ұлы күш болып табылады. Коммунизмнің миллиондаған жас құрылысшыларының білім алуына, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларында өнерін жетілдіріп, творчестволық іспен шұғылдануына кең жолдар ашылып отыр. Партия жастар мен қыздардың жан-жақты дамуы үшін барлық жағдайды жасап, оларды патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында, коммунизм ісіне жан-тәнімен берілгендік рухында тәрбиелеп, жас ұрпақты ұқыптылықпен, мәпелеп өсіріп келеді.

Совет жастары партия мен үкметтің қамқорлығына коммунистік құрылыстың барлық участокторіндегі творчестволық еңбегімен жауап беруде.

«Жас Гвардия» ұйымына мүше болған комсомолецтердің патриоттық ерліктері, Ленинградты, Сталинградты, Севастопольді, Одессаны қорғаған комсомолецтердің ержүректігі мен батырлығы, Совет Армиясының комсомол тәрбиелеген миллиондаған жас жауынгерлерінің қаһармандығы совет жастарын коммунизмнің сәлтанаты жолындағы шаттанған творчестволық еңбекке жігерлендіріп отыр.

И. ГРИГОРЬЕВ.

Художник **Е. Малолетков** жасаған, Мемлекеттік бейнелеу искусствосы баспасының шығарған плакаты.

Совет танкшілерінің жауынгерлік жолы

☆

М. ШАПОШНИКОВ,
танк әскерлерінің генерал-майоры

☆

Бүгін халқымыз, Совет Армиясының және Соғыс -Теңіз Күштерінің жауынгерлері Танкшілер Күнін құрметтеп өткізеді. Мұнан 7 жыл бұрын ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы бронетанк және механикаландырылған әскерлердің ерекше маңыздылығын, олардың Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік еңбектерін, сол сияқты, танк жасаушылардың Совет Армиясын бронетанк техникасымен жабдықтаудағы еңбектерін құрметтеп, Танкшілер Күнін мерекелеуді белгіледі.

Бронетанк әскерлері және Советтік танк жасау өндірісі азамат соғысы кезінен бастап құрылды. 1920 жылы В. И. Ленинніңнұсқауы бойынша, «Красное сормово» заводы алғашқы отандық танктерді жасап шығарды. Бұл танктер шетелдік интервенттер мен ақгвардияшыларға қарсы күресте ойдағыдай пайдаланылды. Азамат соғысы жылдарында құрылған бронетанк бөлімдері армиямыздың жауынгерлік қабілетін едәуір күшейтті, жауды жеңуге көмектесті.

Азамат соғысының тәжрибесі бронетанк және механикаландырылған әскерлерді ұйымдастыру, оларды соғыста қолдану теориясын жасауға негіз болды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы, интервенттер және ақгвардияшылар қыйратқан халық шаруашылығын қалпына келтіруге, Совет Армиясын жаңа техникамен жабдықтауға, Танкшілер Күнін мерекелеуді белгіледі.

Бронетанк әскерлері және Советтік танк жасау өндірісі азамат соғысы кезінен бастап құрылды. 1920 жылы В. И. Ленинніңнұсқауы бойынша, «Красное сормово» заводы алғашқы отандық танктерді жасап шығарды. Бұл танктер шетелдік интервенттер мен ақгвардияшыларға қарсы күресте ойдағыдай пайдаланылды. Азамат соғысы жылдарында құрылған бронетанк бөлімдері армиямыздың жауынгерлік қабілетін едәуір күшейтті, жауды жеңуге көмектесті.

Азамат соғысының тәжрибесі бронетанк және механикаландырылған әскерлерді ұйымдастыру, оларды соғыста қолдану теориясын жасауға негіз болды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы, интервенттер және ақгвардияшылар қыйратқан халық шаруашылығын қалпына келтіруге, Совет Армиясын жаңа техникамен жабдықтауға, Танкшілер Күнін мерекелеуді белгіледі.

Бронетанк әскерлерінің ерекше маңыздылығын, олардың Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік еңбектерін, сол сияқты, танк жасаушылардың Совет Армиясын бронетанк техникасымен жабдықтаудағы еңбектерін құрметтеп

ғын қалпына келтіруге кірісті.

Еліміздің индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатын жүзеге асыру нәтижесінде Совет Одағы қуатты индустриялы- колхозды мемлекетке айналды.

Соғысқа дейінгі жылдарда Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің қорғанымпаздығын нығайтуға үнемі қамқорлық жасап келді, әскердің барлық түрлерін, оның ішінде бронетанк және механикаландырылған әскерлерді дамытып күшейтуге көп көңіл бөлді.

Ұлы Отан соғысының қарсаңында біздің Қарулы Күштеріміздің құрамында дүние жүзіндегі ең таңдаулы танктер және өздігінен жүретін артиллерия құралдары болды, жақсы әзірленіп үйретілген, Советтік Отанға шын берілген танкшілер кадрлары болды.

Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін және оның армиясы үшін үлкен сын болды. Коммунистік партияның және Совет Үкметінің шақыруы бойынша біздің сан-миллион бүкіл халқымыз өзінің Отанын қорғауға аттанды. Біздің партиямыз фашист басқыншыларға қарсы бүкілхалықтық күрестің дем берушісі және ұйымдастырушысы болып, совет адамдарының барлық күштерін, еліміздің барлық материалдық және рухани күштерін жауды талқандауға бағыттады.

Соғыстың алғашқы дәуірінде Совет Армиясы белсенді стратегиялық қорғаныс ұрыстарын жүргізе отырып, жауды әлсіретті, сөйтіп, шабуыл бастауға жағдай әзірледі. Жаудың танктер саны жағынан уақытша басым болуына қарамастан, совет танкшілері әскердің басқа түрлерінің жауынгерлерімен бірге, неміс-фашист армиясының соққысына төтеп беріп, жаудың жолын ерлікпен бөгеді. Ауыр ұрыстарға біздің танк бөлімдеріміз совет жерінің әрбір сүйемін қажырлылықпен қорғады, жаудың адам күші мен техникасын талқандады, басқыншыларға еселеп күшті қарсы соққылар берді.

Москва түбіндегі ұрыстарда Совет Армиясы жауды тоқтатты, бұдан кейін қарсы шабуыл бастап, жауға қыйрата соққы берді, Москва маңындағы ұрыстарда, гитлерлік армия жеңілмейді дейтін ертегінің күлі көкке ұшырылды, стратегиялық инициатива совет командованиесінің қолына кешті.

Совет танкшілері Сталинградтағы ұрыстарда аскан әскери шеберлік көрсетті. Сталинград түбіндегі ұрыс әскердің барлық түрлерінің күш біріктіріп қыймыл жасауының және жауды қоршап алып талқандау (мақсатымен, оған еселеп соққы беру үшін танк және механикаландырылған бастауға қолайлы жағдай туғызды. Бұл жоспарды жүзеге асыру ісінде бронетанк және механикаландырылған әскер құрамалары маңызды міндет атқарды, олар біздің әскерлеріміздің шабуыл жасаушы топтарының негізі болды.

Курск түбіндегі ұрыс біздің бронетанк және механикаландырылған әскерлеріміздің өскен жауынгерлік мүмкіншіліктерін, жаяу әскерлермен, артиллериямен, авиацияның және катерлермен бірге қыймыл жасай отырып, күрделі, жауапты міндеттерді орындай алатынын көрсетті.

Совет әскерлері жауға он дүркін күйрете соққы бергенде, біздің командованиеміз соғыс маневрінің әртүрлі формаларын қолданды. Әскердің барлық түрлерін ұштастыра шеберлікпен қолданған бұл маневрлер жаудың ірі-ірі күштерін жоюға жеткізді.

Жауды қоршап алу маневрі советтік бронетанк және механикаландырылған әскер бөлімдерінің жауынгерлік қыймылдарының жетекші формасына айналды. Маневрдің бұл формасын шебер қолданып, жетілдіре отырып, совет танкшілері әскердің басқа түрлерімен тығыз бірлік жасап, Корсунь- Шевченко ауданында, Минск түбінде, Яссы- Кишинев ауданында, Шығыс Пруссияда, Будапешт және Берлин түбінде жаудың ірі әскер топтарын қоршап алып, жоюды қамтамасыз етті.

1945 жылғы апрельдо Берлин үшін ұрыс басталды. Құрамында 41 мың артиллерия және миномет қарулары, 8 мың 400 самолет, 6300-ден астам танк және басқа көптеген заманға сай соғыс техникасы болған совет әскерлерінің қуатты тобы жауға оған дейін болып көрмеген күшті соққы берді. Душпанның Одер бойындағы қорғанысын бұзып өтіп, біздің бөлімдеріміз Берлинге қарай ұмтылды. 8 күннен кейін-ақ біздің жүрдек бөлімдеріміз Берлин гарнизонын қоршап алып, оны бір-бірінен оқшауланған төрт топқа бөлшектеді. 2 майда жау атысты тоқтатты. Бұл ұрыста танк әскерлеріне толып жатқан қорғаныс құрылыстарын бұзып, жаудың жанталасқан қарсылығын жеңуге тура келді. Совет танкшілері өздерінің жеңіске ұмтылған қайтпас еркін, тамаша жауынгерлік шеберлігін, Отанға сүйіспеншілігін көрсетті.

Чехословак халқын фашистік езушіліктен азат ету күресінде советтік бронетанк және механикаландырылған танк әскерлеріне ерекше зор міндет жүктеді. Берлиндегі қыймыл аяқталғаннан кейін танк және механикаландырылған әскер құрамалары оңтүстікке Прагаға қарай ұмтылды, қаруырт марш-маневр жасады, ұрыстар жүргізе отырып, Дрезден және Руд

[illegible] Одағының Коммунистік партиясы жеткізді.

Тылдағы совет адамдарының жанқыярлық еңбегі болмағанда, майданға бүкіл халықтың көмегі болмағанда, Совет Одағы соғыста жеңіске жете алмаған болар еді. Біздің өнеркәсібіміз майданды мандай [illegible] танктермен және өздігінен жүретін артиллерия қаруларымен жабдықтап отырды. Бұл қарулар сапасы жағынан, неміс-фашист армиясының танктерінен және өздігінен жүретін артиллериясынан әлде қайда асып түсті. Соғыстың соңғы үш жылы ішінде ССРО-да жыл сайын 30 мыңнан астам танк, өздігінен жүретін артиллерия қарулары және бронемашиналар шығарылып тұрды.

Отанымыз советтік танк жасаушылардың еңбектегі ерлігіне лайықты баға берді. Соғыс жылдарында танк өнеркәсібінің 9 мыңнан астам қызметкері ордендермен, медальдармен наградталды. Көптеген жұмысшыларға, инженерлерге және техниктерге Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ берілді.

Соғыс жылдарында совет адамдарының патриоттығы Совет Армиясының қорына қаржы жыйнау ісінде де көрінді. Тамбов облысы колхозшыларының бастауымен, танктер колоннасын жасауға қаржы жыйнау ұйымдастырылды. Олардан бүкіл еліміздің еңбекшілері үлгі алды. Соғыс жылдарында совет патриоттары танктер жасау қорына 6 миллиард сомдай ақша, 105 мың сомдай алтын ақша және 193 килограмдай кесек алтын тапсырды.

Соғыстан кейінгі дәуірде бронетанк және механикаландырылған әскерлер соғыстың орасан зор тәжрибесін меңгеріп, әскерлерді үйрету және тәрбиелеу, жауынгерлік шеберлікті жетілдіру ісінде бұл тәжрибені творчестволықпен қолдануда. Техниканы қажырлылықпен меңгере отырып, жауынгерлік және саяси әзірлікте барған сайын зор табыстарға жете отырып, совет танкшілері армиямыз бен флотымыздың данқты жауынгерлік дәстүрлерін қасиеттеп сақтауда және көбейтуде, социалистік мемлекеттің қуатын нығайту ісіне белсене қатысуда. Партияның XIX съезінің, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары, ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың бұл сессиядағы сөзі, Совет Армиясы мен Соғыс -Теңіз Күштерінің барлық жауынгерлері сыяқты, бронетанк және механикаландырылған әскерлердің жауынгерлерін рухтандырып, өздерінің қызмет борышын жанқыярлықпен орындауға, тәртіпті, ұйымшылдықты нығайтуға, жауынгерлік және саяси әзірлікте жаңа табыстарға жетуге жұмылдыруда.

ОЗАТ ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Еңбектегі табыстары үшін Қызылорда жол дистанциясының коллективіне Ташкент жолының ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Жолшылар жолдың қызмет ету мерзімін ұзарту жолындағы жарысты ойдағыдай жүргізуде. Бұл игілікті іске рационализаторлар зор үлес қосып отыр. Мастер Шувалов жолдас жөндеу кезінде шпалдар тасымалдауды 3-4 есе жеңілдететін құрал жасады.

Алматыда концерт маусымының басталуы

Алматыда 1953 —1954 жылғы концерт маусымы жастар мен студенттердің Бухаресте өткен Бүкіл дүниежүзілік IV фестивалінің лауреаты —Қазақтың Құрмангазы атындағы халық аспаптары мемлекеттік оркестрінің есеп — концертімен басталды.

Быйылғы маусымда Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы дүниежүзілік классикалық музыкадан, совет композиторларының шығармаларынан 100-ден аса концерт беруді ұйымдастырады.

Симфониялық оркестрдің репертуары алуан түрлі. Оған Чайковскийдің алтыншы симфониясы, Мусоргскийдің «Көрме суреттерінен» және «Борис Годунов» операсының үзінділері, Бетховеннің, Листің бірнеше симфониялық шығармалары енгізілген.

ЖАС МАМАНДАР

Облысымыздың кәсіпорындарында, фабрикаларында және колхоздары мен МТС- терінде быйылғы жылы жоғары оқу орындарын бітірген ондаған жас мамандар жұмыс істеп жүр. Жуырда облысымыздың егін далаларында істеу үшін тағы да 100-ге жуық мамандар келді.

Новосибирськінің ауылшаруашылық институтын бітірген Бобровицкий Полудень МТС-інде инженер, Алматының ауылшаруашылық институтын бітірген Верещагин Коновалов МТС-інде инженер болып істейді. Сол сыяқты, Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын бітірген Қожасов Образцовая МТС-інде аға агроном болып істейді.

Мәдени - үгіт бригадасы колхоздарда

Совет ауданының орталығынан ұйымдастырылған мәдени-үгіт бригадасы аудан колхоздарына барып, колхозшыларды мәдениетті қамтыйды.

Жуырда мәдени-үгіт бригадасы Аманкелді атындағы колхозда болып, егіншілерге концерт берді. Бригада мүшелері жеке әндер орындап, күлдіргі тақпақтар айтты. Әсресе, Н. Бейсенбаева орындаған «Жеті су», «Тракторшы қарындас» деген әндерді, О. Тютюнина орындаған «Кадриль» және «За дальней заколицей» деген әндерді егіншілер сүйсіне тыңдады.

Мәдени-үгіт бригадасы колхозда болған кезде бригадаларда жауынгерлік листоктар шығарды.

Колхозшылар бригада мүшелерінің концертіне алғыс айтып, алдағы уақытта жиі-жиі келіп тұруына тілек білдірді.

Ж. ҚАСЕНОВ.

Балық аулаудан көп кіріс алды

Ленин атындағы колхозда (Соколов ауданы) балықшылар бригадасы ұйымдастырылған. Өткен жылы артель балық аулаудан 30 мың сом кіріс алған болса, үстіміздегі жылы бұл кірістің сомасын тағы да 10 мың сом арттыру қарастырылған-ды.

И. Белов жолдастың басқаруындағы балықшылар бригадасы бұл міндеттемені аброймен орындады. Бригада быйыл 160 центнер балық аулады, мұны сатудан колхоз 41 мың сом кіріс тапты.

Бақша егістерін жыйнау басталды

Ленин ауданындағы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің мүшелері бақша егістерін жыйнауға кірісті. Колхозшылар бақша өнімін жыйнаудың алғашқы күні 100 центнердей қарбыз жыйнады.

Жыйналған бақша егістері колхозшылардың еңбеккүндеріне берілуде.

Б. МҰСТАФИН.

1953 жылғы 31 августа Магнитогорск қаласында өткізілген І-ӨТЕУ ТИРАЖЫНЫҢ

РЕСМИ ТАБЛИЦАСЫ

Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№
040005	042601	044741	047350	050130	052506	055243	057910
040049	042616	044773	047360	050249	052510	055265	057914
040062	042635	044804	047469	050253	052517	055441	058036
040089	042730	044833	047503	050329	052557	055465	058083
040170	042788	044843	047630	050345	052658	055472	058100
040172	042841	044933	047674	050351	052681	055598	058163
040213	042849	044937	047704	050361	052708	055664	058188
040274	042868	044988	047719	050390	052739	055805	058197
040298	042880	045020	047776	050405	052743	055818	058251
040376	042898	045181	047796	050475	052769	056095	058291
040487	042902	045301	047807	050505	052839	056109	058307
040563	043004	045355	047921	050537	052858	056140	058326
040648	043012	045425	047928	050547	052880	056192	058357
040686	043032	045451	047972	050557	052903	056219	058435
040773	043064	045517	048137	050608	052947	056225	058518
040778	043150	045537	048141	050665	052975	056315	058541
040815	043218	045544	048150	050671	052986	056385	058555
040840	043259	045573	048162	050735	053031	056413	058586
040848	043266	045627	048179	050748	053126	056414	058596
040867	043267	045634	048267	050776	053217	056510	058597
040882	043279	045689	048325	050841	053219	056546	058599
040898	043292	045692	048400	050895	053226	056555	058649
040998	043295	045760	048439	050913	053238	056580	058689
041012	043338	045764	048468	050952	053279	056584	058704
041078	043355	045908	048536	050994	053281	056601	058710
041164	043392	045922	048658	051030	053346	056621	058717
041176	043397	045933	048686	051105	053361	056627	058762
041227	043400	045989	048774	051172	053408	056636	058812
041231	043474	046009	048777	051262	053464	056640	058814
041259	043477	046027	048785	051285	053516	056689	058841
041397	043524	046114	048865	051336	053544	056698	058849
041506	043561	046139	048872	051344	053590	056719	058872
041510	043569	046180	048876	051413	053599	056742	058927
041539	043576	046286	048910	051432	053607	056837	058958
041544	043580	046331	048965	051448	053633	056839	059047
041610	043590	046398	048969	051499	053672	056860	059079
041616	043600	046404	048988	051564	053713	056889	059092
041654	043654	046406	049064	051602	053775	056918	059105
041677	043659	046424	049088	051604	053789	057016	059146
041681	043673	046435	049181	051605	053944	057036	059183
041707	043704	046594	049240	051613	053991	057129	059187
041795	043724	046602	049450	051730	054028	057134	059214
041874	043735	046626	049453	051773	054082	057146	059231
041887	043774	046716	049536	051787	054102	057153	059288
041933	043803	046721	049556	051829	054126	057167	059319
041978	048831	046768	049613	051845	054260	057195	059321
042034	043944	046784	049630	051891	054261	057197	059443
042051	043998	046796	049681	051898	054316	057210	059446
042053	044088	046803	049736	051962	054439	057230	059454
042090	044106	046810	049759	052032	054585	057252	059532
042192	044142	046840	049775	052061	054626	057329	059554
042261	044144	046854	049777	052117	054664	057386	059653
042283	044194	046880	049789	052141	054702	057417	059708
042308	044251	046941	049811	052151	054915	057429	059709
042323	044272	046958	049887	052190	054926	057463	059779
042345	044297	046975	049894	052225	054994	057553	059808
042359	044357	046980	049966	052233	055040	057584	059817
042382	044376	047013	050010	052280	055061	057751	059836
042401	044391	047032	050024	052331	055159	057762	059840
042405	044441	047066	050033	052352	055171	057785	059863
042437	044470	047067	050073	052419	055176	057808	059866
042515	044510	047117	050101	052474	055234	057837	059933
042573	044564	047189	050114				

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫЛДАР АЛАҢЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02009. **Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**